*1) 202\_\_ жылы - \_\_\_\_\_(\_\_\_\_) теңге, оның ішінде Шартты аумақтық қазынашылық органында тіркеген және Орындаушы төлемге шотты ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде 30% (отыз пайыз) мөлшерінде аванстық төлем. Қалған соманы Тапсырыс беруші Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған және Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, шот-фактураны жазып берген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлейді;*

*2) 202\_\_ жылы - \_\_\_\_\_(\_\_\_\_) теңгені Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісіне Тараптар қол қойған және Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып шот-фактураны жазып берген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлейді.*

*Төлем тапсырмасын ресімдеу кезінде төлем тағайындауда ұсынылған шоттың нөмірі және Шарттың нөмірі міндетті түрде көрсетіледі.*

***1.2-тармақтың редакциясы қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын қазынашылық органдарында тіркелуге жатпайтын мемлекеттік сатып алу субъектілерімен жасалатын Шарттар үшін:***

*1.2. Тапсырыс беруші Орындаушының есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы Шарт бағасына ақы төлеуді мынадай тәртіппен жүргізуге міндетті:*

*1) 20 \_\_ жылы Тараптардың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасының 30% (отыз пайызы) мөлшерінде аванстық төлем. Ағымдағы қаржы жылында жұмыстарды орындау фактісі бойынша Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қояды және Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, шот-фактура жазып береді;*

*2) 20 \_\_ жылы Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған және Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, шот-фактураны жазып берген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Құжаттаманың тиісті кезеңі бойынша сараптама жұмыстарын аяқтау фактісі бойынша Шарттың жалпы сомасының 70% - ын (жетпіс пайызын).*

*Төлем тапсырмасын ресімдеу кезінде төлем тағайындауда міндетті түрде Шарттың нөмірі көрсетіледі.*

1.3. Егер алдын ала төлем (аванстық төлем) осы Ерекше шарттың (1-қосымша) 1.2-тармағында белгіленген мөлшерде және мерзімде Орындаушының есеп айырысу шотына аударылмаса, Шарт күшіне енбеген болып саналады.

***1.3-тармақтың редакциясы қазынашылық органында тіркеуге жататын шарттар үшін:***

*1.3. Егер Шарт қазынашылықтың аумақтық органында тіркелмесе, Шарт күшіне енбеген болып саналады.*

1.4. Шарттың бағасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

1.5. Сараптама жүргізудің бірінші кезеңі бойынша сараптама жұмыстарының басталған күні аванс (алдын ала төлем) төленген, сондай-ақ Орындаушы Құжаттаманың бірінші кезеңінің жинақтылығы мен құрамын Қағидаларда белгіленген құжаттама (материалдар) тізбесіне сәйкестігін растаған күннен кейінгі күн болып табылады.

1.6. Сараптама жүргізудің келесі кезеңдері бойынша сараптама жұмыстарының басталу күні Тапсырыс беруші сараптама жүргізудің тиісті кезеңі бойынша құжаттаманы толық жинақтаған және Тараптардың уәкілетті өкілдері тиісті кезең бойынша сараптама жұмыстарының басталуы туралы қосымша келісімге қол қойған күннен кейінгі күн болып табылады.

## **2. Тараптардың міндеттері мен құқықтары**

### **2.1. Тапсырыс беруші:**

1) сараптама жұмыстарын жүргізу үшін Құжаттаманы Кестеге сәйкес кезең-кезеңмен ұсынуға.

Құжаттар сараптамаға Кестеде көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған жағдайда, Кесте түзетілуге жатады;

2) жобаны әзірлеушімен бірлесіп, сарапшылардың ескертпелері бойынша Құжаттамаға қажетті түзетулер (пысықтаулар) ескертпелер берілген күннен бастап \_\_\_\_\_(\_\_\_\_) **\*жұмыс күндерінен** аспайтын мерзімде енгізуге;

*\* сараптама ұзақтығы 45 (қырық бес) жұмыс күнінен аспайтын кезде 10 (он) жұмыс күнін көрсету;*

*сараптаманың ұзақтығы 30 (отыз) жұмыс күнінен аспаған кезде 5 (бес) жұмыс күні көрсетілсін;*

*сараптаманың ұзақтығы 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын кезде 3 (үш) жұмыс күнін көрсету*

*сараптаманың ұзақтығы 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын кезде 1 (бір) жұмыс күні көрсетілсін.*

Сарапшылардың дәлелді ескертпелері белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда теріс қорытынды жасалады.

3) Орындаушының сұрау салуы бойынша Құжаттама бойынша қажетті материалдар мен ақпаратты ол белгілеген мерзімде беруге міндетті;

4) Жеке кабинет арқылы Құжаттама бойынша сараптамалық жұмыстар барысының тұрақты (күн сайынғы) мониторингін қамтамасыз етуге міндетті;

5) жергілікті және жиынтық сараптама қорытындылары олардың қорытындыларына қарамастан, осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қабылдауға міндетті;

6) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары мерзімінен бұрын аяқталған жағдайда, шарттың талаптарына сәйкес жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыларын қабылдауға міндетті. Сараптама қорытындысын мерзімінен бұрын қабылдаудан бас тарту оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі;

7) «Құрылыс жобаларының мемлекеттік банкін қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ техникалық экономикалық негіздемелерді, үлгілік жобаларды және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын ұсыну қағидалары» (бұдан әрі – 705-Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 705 бұйрығына сәйкес нысан бойынша жобаның авторымен Портал арқылы авторлық шартқа қол қоюға және оң қорытынды алған объектілердің жаңа құрылысы үшін ЖСҚ құжаттарының электрондық нұсқасын электрондық архивке және электрондық тізілімге енгізу үшін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жіберуге.

8) Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген және Шарттың ережелерінен туындайтын өзге міндеттемелерді орындауға **міндетті**.

## **2.2. Тапсырыс берушінің:**

1) Орындаушыдан осы Шартқа сәйкес міндеттемелерін адал және тиісінше орындауын талап етуге;

2) Орындаушыға орындалған сараптама жұмысындағы кемшіліктерді жою бойынша талап қоюға;

3) Тараптардың біреуі жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу немесе нәтиже шығару тәртібін бұзған жағдайда осы өтінішті негіздей отырып, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері бойынша уәкілетті органға жүгінуге құқылы;

4) өткізілген ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу нәтижесімен келіспеген кезде сарапшылардың қорытындысына сот тәртібімен шағым жасауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген әрекеттерді жасауға **құқығы бар.**

### **2.3. Орындаушы:**

1) Құжаттама бойынша жергілікті және жиынтық сараптама қорытындылар берумен Қағидалармен белгіленген тәртіппен және Құжаттаманың тиісті кезеңі бойынша сараптама жұмыстары басталған күннен бастап \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) **жұмыс күнінен\*** аспайтын мерзімде сараптама жұмыстарын жүргізуге;

*\* көрсету:*

*Экологиялық кодекстің 40-бабында келтірілген объектілерді сыныптауға сәйкес I санаттағы объектілерді салу жобалары бойынша 45 (қырық бес) жұмыс күні;*

*Бір мезгілде I және II жауапкершілік деңгейіндегі технологиялық және техникалық жағынан күрделі объектілер болып табылатын объектілерді салу жобалары бойынша 30 (отыз) жұмыс күні;*

*Бір мезгілде технологиялық және техникалық жағынан күрделі емес II жауапкершілік деңгейіндегі объектілер болып табылатын объектілерді салу жобалары бойынша 20 (жиырма) жұмыс күні;*

*Бір мезгілде технологиялық және техникалық жағынан күрделі емес III жауапкершілік деңгейіндегі объектілер болып табылатын, әлеуетті қауіпті санаттарға жатпайтын объектілерді салу жобалары бойынша 10 (он) жұмыс күні.*

Қабылданған жобалық шешімдер толық сәйкес келмеген және осыған байланысты барлық Құжаттаманы қосымша кешенді қарау қажеттілігі туындаған жағдайларда сараптама кезеңінің жалпы ұзақтығын сараптаманы Орындаушы не Орындаушымен келісу бойынша Тапсырыс беруші 5 (бес) жұмыс күніне ұзартуы мүмкін.

2) Құжаттама бойынша сарапшылардың дәлелді ескертпелерін Құжаттаманың тиісті кезеңі бойынша сараптама жұмыстары басталған күннен бастап \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) **жұмыс күнінен\*** кешіктірмей беруге;

*\* сараптама ұзақтығы 45 (қырық бес) жұмыс күнінен аспайтын кезде 20 (жиырма) жұмыс күнін көрсету;*

*сараптаманың ұзақтығы 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайтын кезде 15 (он бес) жұмыс күні көрсетілсін;*

*сараптама ұзақтығы 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын кезде 9 (тоғыз) жұмыс күні көрсетілсін;*

*сараптаманың ұзақтығы 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын кезде 4 (төрт) жұмыс күні көрсетілсін;*

3) қаралатын Құжаттама бойынша құпиялылықты сақтауға және коммерциялық құпияны қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Құжаттаманы сарапшылардың қарауы бойынша істің ағымдағы жағдайы туралы деректерді Орындаушының интернет-ресурсына орналастыруға;

5) сараптама жұмыстарының нәтижелері бойынша Тапсырыс берушіге жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыны (-ларын) Қағидаларға және сәйкес беруге;

6) 705-Қағидаларға сәйкес мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен әзірленген техникалық-экономикалық негіздеме, үлгілік жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама, жаңа құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттама бойынша оң сараптама қорытындысын алған құжаттаманы электрондық мұрағатта сақтау үшін Құрылыс жобаларының мемлекеттік банкіне енгізуге;

6-1) Шарттың 2.3-тармағының б) тармақшасында көрсетілген, жеке инвестициялар есебінен қаржыландырылатын жобалар жобаға тапсырыс берушінің шешімі бойынша электрондық архивке енгізілуге жатады.

7) жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу кезінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнама талаптарын бұзға жол берген жобалау ұйымдары туралы мәліметті объектінің беріктігіне, орнықтылығына және сенімділігіне әсер ететін бұзушылықтар түрін, нормативтік құқықтық актілерге және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттамаларға сілтемелерді көрсете отырып, қабылданған жобалау шешімдерінің нормативтік талаптарға сәйкессіздігі бөлігінде теріс қорытындылар бойынша ескертпелерді қоса отырып, тіркелген орны бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органына Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамаға сәйкес шара қолдану үшін ұсынуға;

8) Оң сараптама қорытындысын алған құжаттама (сметалық бөлімісіз) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 244 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсынудың қағидалары және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығымен бекітілген Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидалары негізінде Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасына ұсынылсын;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген және осы Шарттан туындайтын өзге де міндеттемелерді орындауға **міндетті**.

#### **2.4. Орындаушының:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Тапсырыс берушіден Құжаттама бойынша қажетті материалдар мен ақпараттарды сұратуға және алуға;

2) Тапсырыс беруші жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыларының тұжырымдарында ескертілген шарттарды (талаптарды) орындамаған кезде «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 64-8-бабының 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес бұрын берілген оң сараптама қорытындысын кері қайтарып алуға;

3) осы Шартпен белгіленген тәртіппен Шартты бұзуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге әрекеттер жасауға құқығы бар.

**2.5. және 2.6-тармақтардың редакциясы Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалатын шарттар үшін толықтырылады:**

**2.5. Төлеуші:**

1) Шарттың ережелеріне сәйкес алдын ала төлем жүргізуге;  
2) жергілікті және жиынтық сараптама қорытындысын (-ларын) оның тұжырымдарына қарамастан осы Шартпен белгіленген тәртіпте және мерзімде қабылдауға;

3) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары мерзімінен бұрын аяқталған жағдайда, Шарт ережелеріне сәйкес сараптама қорытындысын қабылдап алуға. Сараптама қорытындысын мерзімінен бұрын қабылдаудан бас тартуға оны қабылдауға мүмкіндігі болмаған жағдайда жол беріледі;

4) Шарттан туындайтын өзге міндеттемелерді орындауға.

**2.6. Төлеушінің:**

1) Тараптардың бірі жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу немесе оның нәтижесін жүргізу тәртібін бұзған жағдайларда, осы өтінішті негіздей отырып, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге **құқығы бар.**

### **3. Кепілдіктер**

3.1. Тапсырыс беруші Құжаттаманы әзірлеуге негіз болып табылатын бастапқы құжаттардан тұратын ақпараттың дұрыстығына кепілдік береді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес Тапсырыс беруші жоғарыда көрсетілген кепілдікке толық жауаптылықта болады.

### **4. Жұмыстарды қабылдау және тапсыру тәртібі**

4.1. Орындаушының жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыларына тіркеу нөмірін берген күні құжаттаманың әрбір кезеңі бойынша сараптама жұмыстарын аяқтау күні болып табылады.

4.2. Осы Шарт бойынша сараптама нәтижесін тексеруі және қабылдауы сараптама жұмысын қабылдауды куәландыратын тіркеу нөмірі мен сараптама қорытындысының күнін көрсетумен Тапсырыс берушінің хабарламаны алуы болып табылады.

Хабарламада орындалған сараптама жұмысының кемшіліктерін жою бойынша кейін талап қою мүмкіншілігі міндетті түрде көрсетіледі.

4.3. Орындаушы Құжаттаманың тиісті кезеңі бойынша сараптама жұмыстарын аяқтағаннан кейін Жеке кабинетте орындалған жұмыстардың электрондық актісін және электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық шот-фактураны ресімдейді.

4.4 Тапсырыс беруші Құжаттаманың тиісті кезеңі бойынша сараптама жұмыстар аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша

ақпаратты электрондық актіде толтыруға және оған Жеке кабинетте электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қоюға міндетті.

**4.3. және 4.4-тармақтардың редакциясы мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерімен жасалатын шарттар үшін:**

4.3. Орындаушы электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстың электрондық актісін Тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы жібереді. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың электрондық актісін бекіткеннен кейін Орындаушы электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық шот-фактураны жазып береді.

4.4. Тапсырыс беруші Орындаушы орындалған жұмыстың электрондық актісін ресімдегені туралы мемлекеттік сатып алудың веб-порталында хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық актіде Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбасын қояды.

4.5. Сараптама жұмыстарының аяқталу мерзімі келесі қаржы жылына белгіленген шарттар бойынша, Тараптар орындалған жұмыстардың аралық электрондық актісіне ағымдағы қаржы жылында қол қояды.

4.6. Сараптама қорытындысын беру Тараптар Жеке кабинетте орындалған жұмыстардың электрондық актісіне қол қойғаннан кейін Портал арқылы жүзеге асырылады.

**4.6-тармақтың редакциясы қазынашылық органында тіркеуге жататын шарттар үшін:**

Сараптама қорытындысын беру Тараптар мемлекеттік сатып алу веб-порталында орындалған жұмыстардың электрондық актісіне қол қойғаннан кейін Портал арқылы жүзеге асырылады.

**4-бөлімнің редакциясы Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалатын шарттар үшін:**

#### **4. Жұмыстарды қабылдау және тапсыру тәртібі**

4.1. Орындаушының жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыларына тіркеу нөмірін берген күні Құжаттаманың әрбір кезеңі бойынша сараптама жұмыстарын аяқтау күні болып табылады.

4.2. Осы Шарт бойынша сараптама нәтижесін тексеруі және қабылдауы сараптама жұмысын қабылдауды куәландыратын тіркеу нөмірі мен сараптама қорытындысының күнін көрсетумен Тапсырыс берушінің хабарламаны алуы болып табылады.

Хабарламада орындалған сараптама жұмысының кемшіліктерін жою бойынша кейін талап қою мүмкіншілігі міндетті түрде көрсетіледі.

4.3. Орындаушы Құжаттама бойынша сараптама жұмысын аяқтағаннан кейін электрондық нысандағы шот-фактураны жазып беру қағидаларына сәйкес Жеке кабинетте орындалған жұмыстардың электрондық



актісін және электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық шот-фактураны ресімдейді.

4.4. Тапсырыс беруші мен Төлеуші Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша ақпаратты электрондық актіде толтыруға және оған Жеке кабинетте электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қоюға міндетті.

4.5. Сараптама жұмыстарының аяқталу мерзімі келесі қаржы жылына белгіленген шарттар бойынша, Тараптар орындалған жұмыстардың аралық электрондық актісіне ағымдағы қаржы жылында қол қояды.

4.6. Тараптар Орындаушы электрондық шот-фактура жазып беретін осы Шарт бойынша сараптама қорытындысын алушы Төлеуші болып табылатыны туралы келісімге келді.

4.7. Тараптар Жеке кабинетте орындалған жұмыстардың электрондық актісіне қол қойғаннан кейін сараптама қорытындысын Портал арқылы беру жүзеге асырылады.

## 5. Шартты бұзу

5.1. Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын жүргізу барысында Орындаушының келешекте қаралып отырған Құжаттама бойынша сараптама қорытындысын ресімдеуі және беруі, сондай-ақ Тапсырыс берушінің оны алуы мақсатсыз болуына байланысты жағдайлар туындағанда, Тапсырыс беруші Орындаушыға сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы Тапсырыс берушінің осындай шешімінің негізділігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, ресми өтініш жолдайды.

5.2. Тапсырыс беруші сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы Орындаушыға негізделген өзгерістер жағдайында ресми өтініш жібереді (бөлек-бөлек немесе барлығын бірге):

жобалауға арналған тапсырмасы;

бастапқы құжаттарды (материалдарды, деректерді), оның ішінде жер учаскесін беру (орналасқан орны немесе шегі) туралы акті, инженерлік тіршілік көзін қамтамасыз ету жүйесіне қосуға арналған инженерлік іздестірулер мен техникалық шарттар нәтижелері, олардың параметрлері мен талаптары;

жобаланатын объектінің аумағы айналасындағы бекітілген бөлшектеп жоспарлау жобаларында және (немесе) құрылыс салу жобаларында қала құрылысы шешімдерін қайта қарауға байланысты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жергілікті атқарушы органның сәулет-жоспарлау тапсырмасының шарттары мен талаптары;

Тапсырыс берушінің жоспарланған объектінің құрылысын салудан бас тарту туралы дәлелді шешімі.

5.3. Тапсырыс берушінің растайтын құжаттарды қоса беріп, сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы өтінішін тіркегеннен кейін Орындаушы сараптама жұмыстарын тоқтатады және Тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен белгіленген тәртіпте Шартты бұзуды ресімдейді. Бұл ретте Орындаушы орындалған жұмыстардың электрондық актісін жасайды және

олардың құнын анықтайды, оларды Тапсырыс беруші Шартты бұзу кезінде толық көлемде төлеуге міндетті.

**5.3-тармақтың редакциясы Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалатын шарттар үшін:**

5.3. Растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сараптаманы тоқтату қажеттігі туралы Тапсырыс берушінің өтініші тіркелгеннен кейін Орындаушы, Тапсырыс беруші және Төлеуші Шартты бұзуды Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен ресімдейді. Бұл ретте Орындаушы орындалған жұмыстардың электрондық актісін жасайды және олардың құнын айқындайды.

5.4. Бұл ретте Орындаушы Шартты бұзу кезінде Орындаушы нақты орындаған жұмыс құнын шегеріп, Шарттың төлеген Бағасының бөлігін Орындаушы жасаған есеп бойынша Тапсырыс берушіге қайтарады

5.5. Орындаушының жиынтық сметалық құжаттаманы қарауды, сараптама қорытындысын дайындау мен ресімдеуді аяқтауы үшін Тапсырыс берушінің растаушы құжаттармен қоса, сараптаманы тоқтату қажеттігі туралы ресми өтініші заңнамада белгіленген мерзімде ұсынылған жағдайда, Шарт жоғарыда көрсетілген негіздемелер бойынша бұзуға жатпайды және Орындаушы шарт міндеттемелерін белгіленген тәртіппен аяқтайды.

**5.6. және 5.7-тармақтар Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалатын шарттар үшін:**

5.6. Төлеушінің Шартты бұзуды талап етуге, сондай-ақ Шарттың 5.1. - тармағында көрсетілген жағдайларда Шартты бұзудан бас тартуға құқығы жоқ.

5.7. Егер Шарттың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату осыған дейін қабылданған жобалық шешімдердің немесе құрылыс-монтаждау жұмыстарының сараптама мақұлдаған жобалық шешімдерден немесе материалдардан (конструкциялардан, бұйымдардан, құрылғылардан, жабдықтардан) ауытқулармен негізделген өзгерістерімен байланысты болса, онда бұрын берілген сараптамалық сүйемелдеудің жергілікті қорытындыларын сараптаманы Орындаушы жояды (кері қайтарып алады), ал бұл туралы ақпарат осы жоба бойынша барлық қатысушылардың назарына жеткізіледі, сондай-ақ жобалау ұйымы мен жобаланатын объектінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының қызметін қамтамасыз етеді.

## **6. Тараптардың жауапкершілігі**

6.1. Тапсырыс беруші Орындаушыдан Құжаттамаға сараптама жүргізу мерзімін бұзғаны үшін, оның кінәсінен жіберілген, міндеттемелерді толық орындаған кезге дейін әрбір кешіктірілген күн үшін орындамаған немесе тиісті ретімен орындамаған міндеттемелер сомасынан Шарт бағасының 0,1%-ы мөлшерінде айыпақы (өсімақы) өндірітіп алуға құқылы, бірақ ол Шарт бағасының 10%-нан аспауы тиіс.

6.2. Орындаушы Тапсырыс берушіден Құжаттамаға сараптама жүргізу мерзімін бұзғаны үшін, оның кінәсінен жіберілген, міндеттемелерді толық орындаған кезге дейін әрбір кешіктірілген күн үшін орындамаған немесе тиісті ретімен орындамаған міндеттемелер сомасынан Шарт бағасының 0,1%-ы мөлшерінде айыпақы (өсімақы) өндірітіп алуға құқылы, бірақ ол Шарт бағасының 10%-нан аспауы тиіс.

6.3. Айыпақы (өсімақы) төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.4. Тапсырыс берушінің Жеке кабинеттің көмегімен сараптама жұмыстарының барысына тұрақты (күнделікті) мониторинг жасау міндеттемесін орындамауы, сондай-ақ оны уақытында орындамауы Шарт бойынша міндеттемені бұзғаны үшін одан жауапкершілікті алмайды.

## 7. Тараптардың қолдары

**Тапсырыс беруші:**

**Лауазымы**

\_\_\_\_\_ **Т.А.Ә.**

**Орындаушы:**

**Бас директор**

\_\_\_\_\_ **Т.А.Ә.**

*Үшінші тұлға болған кезде (төлеуші)*

**Төлеуші:**

**Лауазымы**

\_\_\_\_\_ **Т.А.Ә.**

**№ 299 қағидалардың 69-1-тармағына сәйкес кезең-кезеңмен жобалап, салу көзделетін объектілер мен кешендер бойынша сараптамалық сүйемелдеу режимінде жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған электрондық шартқа  
КЕСТЕ**

Кезеңдердің №	Кезеңдердің атауы	Тапсырыс берушінің жобалық құжаттама жиынтықтарын ұсынған күні	Жергілікті / жиынтық сараптама қорытындыларының берілген күні
1	2	3	4
1			
2			
3			
4			

**Тапсырыс беруші:**

**Лауазымы**

\_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

**Орындаушы:**

**Бас директор**

\_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

*Үшінші тұлға болған кезде (төлеуші)*

**Төлеуші:**

**Лауазымы**

\_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

## ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ

**Договора на проведение комплексной вневедомственной экспертизы проектов в режиме экспертного сопровождения по объектам и комплексам, по которым предусматривается проектировать и строить поэтапно**

### 1. Цена Договора и порядок оплаты

1.1. За экспертные работы по Документации Заказчик обязуется оплатить Исполнителю \_\_\_\_\_ тенге, с НДС \_\_\_\_\_ % (далее – Цена Договора), в том числе:

стоимость первого этапа проведения экспертизы \_\_\_\_\_

стоимость второго этапа проведения экспертизы \_\_\_\_\_

стоимость третьего этапа проведения экспертизы \_\_\_\_\_

стоимость завершающего этапа проведения экспертизы \_\_\_\_\_.

*\*количество этапов проведения экспертизы не может быть более четырех, включая завершающий этап.*

Цена Договора определена в соответствии с Правилами определения стоимости работ по проведению комплексной вневедомственной экспертизы проектов строительства объектов, а также комплексной градостроительной экспертизы проектов градостроительного планирования территорий различного уровня, утвержденными приказом и.о. Министра национальной экономики Республики Казахстан от 21 декабря 2015 года № 780.

1.2. Заказчик обязан произвести предоплату в размере **100 % (сто процентов)** от Цены Договора, путем перечисления денежных средств на расчетный счет Исполнителя, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней с даты подписания Договора уполномоченными представителями Сторон.

При оформлении платежного поручения в назначении платежа обязательно указывается номер Договора.

***(ранее был пункт 1.3) Редакция пункта 1.2. для договоров, заключаемых между Заказчиком, Исполнителем и Плательщиком.***

1.2. Плательщик обязан произвести предоплату в размере **100 % (сто процентов)** от Цены Договора, путем перечисления денежных средств на расчетный счет Исполнителя, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней с даты подписания Договора уполномоченными представителями Сторон.

При оформлении платежного поручения в назначении платежа обязательно указывается номер Договора.

***Редакция пункта 1.2. для договоров, подлежащих регистрации в территориальных органах казначейства, заключаемых со сроком действия на один финансовый год:***

1.2. В территориальном органе казначейства Договор подлежит регистрации

*по бюджетной программе:*

*по подпрограмме:*

*по специфике:*

*Заказчик обязан произвести оплату, путем перечисления денежных средств на расчетный счет Исполнителя, в следующем порядке:*

*1) авансовый платеж в размере 30 % (тридцать процентов) от Цены Договора в течение 30 (тридцати) календарных дней, с даты регистрации Договора в территориальном органе казначейства и выставления Исполнителем счета на оплату;*

*2) оставшаяся сумма оплачивается Заказчиком поэтапно по факту завершения экспертных работ по соответствующему этапу Документации в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания Сторонами акта выполненных работ и выписки Исполнителем Заказчику счет-фактуры с описанием, указанием общей суммы выполненных работ, с учетом пропорционального удержания ранее оплаченного аванса.*

*При оформлении платежного поручения в назначении платежа обязательно указывается номер выставленного счета и номер Договора.*

***Редакция пункта 1.2. для договоров, подлежащих регистрации в территориальных органах казначейства срок действия которых превышает текущий финансовый год:***

*«1.2. В территориальном органе казначейства Договор подлежит регистрации:*

*по бюджетной программе:*

*по подпрограмме:*

*по специфике:*

*Заказчик обязан произвести оплату Цены Договора, путем перечисления денежных средств на расчетный счет Исполнителя, в следующем порядке:*

*1) в 202\_\_ году - \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_) тенге, из них авансовый платеж в размере 30 % (тридцати процентов) в течение 30 (тридцати) календарных дней, с даты регистрации Договора в территориальном органе казначейства и выставления Исполнителем счета на оплату. Оставшаяся сумма оплачивается Заказчиком в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания Сторонами акта выполненных работ и выписки Исполнителем Заказчику счет-фактуры с описанием, указанием общей суммы выполненных работ;*

